

ҚАЗАҚ ССР «БІЛІМ» ҚОҒАМЫ


З. Ш. ҚАШҚЫНБАЕВ,
тарих ғылымының докторы,
С. Ж. ОМАРОВ

9 (584.6)-25
К 52

ЕРЛІКТІҢ ҮЛГІСІ

Алматы — 1984

63.3(2)722.78
Қ 52



Қашқынбаев З. Ш., Омаров С. Ж.
Қ 25 Ерліктің үлгісі.— Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы,
1984 —40 бет.

Авторлар бұл брошюрада қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарындағы жауынгерлік және ерлік еңбегі жайындағы нақты фактілерге сүйене отырып, аға ұрпақ өкілінің жасампаз дәстүрін кемелденген социализм дәуіріндегі жас буынға үлгі-өнеге етеді.
Кітапша көпшілік оқушы қауымға арналған.

63. 3 (2) 722. 78

К $\frac{0802010206-06}{405(05)-84}$ 036-83

© Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1984.

КІРІСПЕ

Совет халқының фашистік Германияға қарсы жүргізген Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына қырық жылға жуық уақыт өтті. Содан бері біз бейбіт өмір кешіп келеміз. Қазіргі отыз жасқа дейінгілер еліміздегі халықтың жартысынан асады. Ендеше, советтік қоғамның негізгі жасампаз және ең өндіргіш күші болып табылатын олар соғыс дегеннің не екенін білмейді. Соғыс жайында олар тек кинофильмдерден көреді, кітаптардан оқиды, әкелері мен ағаларының айтқан әңгімелерінен естиді. Алайда, дүние жүзілік екінші Ұлы Отан соғысының тарихын білуге біздің жастар аса құштар. Бұл табиғи нәрсе. Біздің уақытымызда халықаралық жағдай күрт шиеленісіп отыр. АҚШ бастаған агрессияшыл империалистік топтар жанталаса қарулануды шиеленістіріп, қауіпті кризистер мен қарулы қақтығыстар отын тұтатуда, ядролық қаруды қолданамыз деп қоқан-лоққы жасауда.

Вашингтон әкімшілігі және оның жоғары өкілдері халықтар тағдырына арсыздықпен қарап, «бейбітшіліктен де маңыздырақ нәрселер бар», сондай-ақ «шектеулі» ядролық соғыс мүмкін ғана емес, тіпті оны ашу да керек деп жариялап отыр. Осы жауапсыз мәлімдемелер және соғыс пен бейбітшілік мәселелеріндегі авантюризм «советтік әскери қауіп» деген жауыр болған лақаптар бүркемеленіп таратылуда. Мұны олар фашистік Германиядан мұра етіп алған.

Міне, осының бәрі совет халқын сөзсіз алаңдатып, оларды өткен соғыстың сабақтарын ескеруге мәжбүр етіп отыр.

Ұсынылып отырған кітапшада соғыс ардагерлері жас оқушылармен сырласады. Онда екінші дүние жүзілік

соғыстың себептері мен оған кінәлілер анықталады, лениндік партия басшылығымен жүзеге асырылған Ұлы жеңістің қозғаушы күші түсіндіріледі. Нақты бай материал негізінде қазақстандықтардың соғыстың ауыр жылдарындағы жауынгерлік және еңбек ерлігі көрсетіледі.

Көптеген оқушылар кітапша беттерінен өздерінің жақындарының, жерлестерінің — майдан мен тылдың батырларының есімін кездестірулері мүмкін. Сондай-ақ бұл кітапша жас буынды аға ұрпақтың жауынгерлік және еңбек дәстүріне адал болуға тәрбиелеп, оларды бақытты болашаққа ұмтылуға жігерлендіреді.

ФАШИЗМНІҢ ҚАНДЫ ҚЫЛМЫСЫНА ҚАРСЫ ЖАСАЛҒАН ҚУАТТЫ КЕДЕРГІ

Адамзат тарихының беттерін ашатын болсақ, оның өрлеп-даму жолында күші жағынан әр түрлі күйзелістерге, дүниені дүр сілкіндірген соғыстарға ұшырап отырғандығын көреміз. Әрине, мұндай басқыншылық соғыстар адамзаттың едәуір бөлігінің өшпенділігін туғызды. Олар мұндай соғысты айыптап-әділ қарсы шаралар қолданып отырды. Алайда, мұның өзі агрессорларды ауыздықтауға әр уақытта мүмкіндік берген жоқ.

Ғалымдардың есептеулерінше соңғы 3357 жылдың ішінде тек қана 227 жыл бейбітшілік болғанын көрсетеді. Басқаша сөздермен айтқанда бір жыл бейбіт болса, он төрт жыл соғыс жүріп отырған. Соғыстар, соның салдарынан тараған аурулар және басқа да ауыртпалықтар нәтижесінде XVII ғасырда — 3,3 миллион адам, XVIII ғасырда — 5,4, XIX ғасырда — 5,7 миллион адам қаза тапты. Біздің жиырмамыншы ғасырдың тек алғашқы жартысында ғана дүние жүзілік екі соғыста 68 миллион адам қаза тауып, 80 миллион адам мүгедек болып қалды. Ал, ғасырлар бойы жасалған адамзат мәдениетінің қаншама асыл қазынасы құртылып жіберілді!

Фашистік Германия 1941 жылдың 22 июнь күні бізге қарсы хабарламастан соғыс ашты. Бұл адам баласы тарихындағы ең қатыгез қантөгіс соғыс болды. Опасыздықпен шабуыл жасаған фашизм өзінің финанстық капиталдың ең ашық, ең террорлық барып тұрған реакцияшыл және ең шовинистік диктатурасы екендігін көрсе-

тіп берді. Сөйтіп, Германия бұл ісімен өзінің әскері үшін кемді-күнге біраз ұтымды жағдай жасады, бірақ ол — саясат жөнінде ұтылып, бүкіл дүние жүзі алдында өзінің қанішер агрессор екенін әшкереледі. Германияның соғыс жөніндегі ұзаққа бармайтын бұл ұтысы тек бір эпизод болып табылады, ал СССР-дің саясат жөніндегі өте зор ұтысы маңызды және ұзаққа созылатын фактор болып табылады, фашистік Германияға қарсы соғыста «Қызыл Армияның майдандағы батыл жетістіктері осы фактор негізінде ұлғаюға тиіс,— бұған ешбір күмән болуға мүмкін емес» (И. В. Сталин. 1941 жылғы 3 июльде сөйлеген сөзінен).

Ұзақ жылғы дайындығына және қазіргі заманғы соғысты жүргізу практикасына сүйеніп, әрі кенеттен шабуыл жасағандықтан фашистік Германия соғыстың алғашқы кезінде едәуір табысқа да жетті. Бірақ ол табысын саяси ұтылыспен салыстыратын болсақ, фашистік Германияның саяси ұтылысқа ұшырағаны соғыстың бұдан кейінгі барысынан және оның аяқталуынан айқын көрінді.

Соғыс әрекеттерінің қолайсыз басталуы, елеулі сәтсіздіктер, ауыр шығындар халық бұқарасының моральдық-саяси бірлігіне жік түсіре алған жоқ. Көптеген ұлттар мен халықтардың мұндай интернационалдық бірлігінің басқа мысалын тарих бұрын-соңды білген емес. Керісінше олардың жауынгерлік ынтымақтастығы шынығып, нығайды. Сөйтіп, болмайтынды болдырып, совет адамдары құлақ естіп, көз көрмеген қиыншылықтарға, өлшеусіз шығындарға қарамастан шындығында ұлы және тарихи жеңіске жетті.

КПСС Орталық Комитетінің: «Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылуының 60 жылдығы туралы» қаулысында «Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында туысқан халықтар иін тірестіріп Отанды қорғады, жаппай ерлік пен жеңіске ұмтылған жалынды жігер көрсетті, фашист басқыншыларын талқандап, дүние жүзінің халықтарын құлдық пен апаттан құтқарып қалды»,— делінген болатын.

Бұл жеңістің басты шарттарының бірі СССР халықтарының жауынгерлік авангардының — Совет Одағы Коммунистік партиясының басқарушы, рухтандырушы және біріктіруші күші және оның маркстік-лениндік идеологиясы болды.

Совет халқының неміс-фашист басқыншыларымен күресіндегі жалпыға танылған, саяси штабы болған партия Совет елінің көп ұлтты халқының аса үлкен беделіне және сеніміне ие екендігін Ұлы Отан соғысы тағы да көрсетті. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ партияның шақырумен совет адамдары бір кісідей Отанды қорғауға көтерілді. Еліміз біртұтас жауынгерлік лагерьге айналды. Партиямыздың «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін!» деген ұраны әрбір адам өмірінің бұлжымайтын заңына айналды.

Дұшпанды жан-тәнімен жек көрмейінше жеңуге болмайтындығына партия еңбекшілерді сендірді. Ол алғашқы күндердегі сәтсіздіктер, социалистік Отанымызға қаншалықты қауіп төнгендігі жөніндегі қатал шындықты бұқарадан жасырған жоқ. Сонымен бірге революциялық оптимиз және ғылыми көрегендікпен: «Біздің ісіміз әділ. Жау талқандалады. Біз жеңіске жетеміз!» деп жеңіске жететінімізге толық сенім білдірді. Соғыстың мәнін, мазмұнын қалай аяқталатындығын ашып көрсеткен осы қысқа ғана сөздер совет халқын бір кісідей жұмылдырып, оларды партияның жауынгерлік туы астына топтастырды.

Партия мен халықтың бірлігі күн сайын ұрыс далаларында, ғалымдардың лабораторияларында, шахталардың забойларында, конструкторлық бюроларда, темір жолдарда, заводтардың цехтарында, колхоздар мен совхоздардың егістіктерінде айқын көрініп отырды.

Герман фашизмімен күрестің жеңіспен аяқталуы партияның соғыс алдындағы жылдардағы барлық идеялық-тәрбие және саяси-бұқаралық жұмыстарын, совет адамдарына интернационалдық және патриоттық тәрбие беру, халықтар достығын нығайту жөніндегі қызметін қорытындылады.

Совет халықтарының достығы, олардың жауынгерлік бірлігі, советтік жоғары патриотизм жаңа социалистік құрылыстың табиғатына тән. Бұл қасиеттер азамат соғысы жылдарында да, шетел интервенциясы кезінде де және одан кейінгі бейбіт еңбек жылдарында да анық көрінген болатын.

Пролетарлық интернационализм мен еліміз халықтарының шынайы достығы болмағанда азамат соғысында интервенттер мен ақ гвардияшыларды жеңе алмайтын едік, социализмді табыспен құру мүмкін болмас еді және неміс-фашист армиясын талқандай алмаған болар едік,

Украина далаларында, Белоруссия мен Карелияның ормандарында, Қара теңіз жағалауларында, Еділде, Заполярье шатқалдарында — барлық жерде де қарақшы гитлерлік империализмге қарсы күресте СССР халықтарының ұлы достығы олардың ұлдарының қанымен бекіп отырды. Партияның шақыруымен оның туы астында орыстар, украиндықтар, белорустар, өзбектер, қазақтар, қырғыздар, тәжіктер, түркмендер, татарлар, башқұрттар, якуттар иін тіресе топталып, шақырылмаған «қонақты» аяусыз күйретті.

«Рота жауынгерлеріне қараңызшы,— деп жазды майдандық «Боевое знамя» газетінде гвардия капитаны Автоманов,— олардың бет әлпеттері де, бойлары да әрі түрлі, көздері мен беттерінің түсі де ұқсамайды. Олар әр тілде сөйлейді. Бірақ соған қарамастан оларды халықтардың лениндік ұлы достығы біріктіруде. Олардың жүрегі де, сезімдері де бір». Мұндай ыстық сезімді соғыстың алғашқы айларының қиын күндерінің бірінде майдандық газеттердің бірі былай деп көрсетті: «Фашиске қарай атқан біздің әрбір оғымыз өшпенділік пен кекке суарылған. Жүрегіміз соғып, көзіміз көріп, қолымыз қару ұстап тұрғанда фашист сілімтіктері біздің жерді баса алмайды!»

Совет жауынгерлерінің патриотизмі мен ерлігі, оның Отанын қорғау жолында жанын қиюға әзірлігі, әскери антқа адалдығы фашистік Германия опасыздықпен шабуыл жасаған алғашқы күндерде-ақ барлық ұлттардың өкілдерінен де анық көрінді.

Екі мәрте Совет Одағының Батыры, маршал Н. И. Крылов өзінің естеліктерінде былай деп жазады: «Мен үшін Чапаев дивизиясының 31-полкінің күзетшісі ерлік жасауға дайын адамның үлгісі болды. Бұл полк 21 июньде қазармалардан әкетіліп, онда тек бір тәулік қана нарядта болып, күзетте тұратын жауынгерлер қалды.

Күзетші артиллерия қоймасының жанында постыда тұрды. Қарсы жағадан күтпеген жерден атыс басталғанда алғашқы снарядтардың бірі қарауыл бөлмесіне түсіп, қарауыл бастығын және жанындағы жауынгерлерді ауыр жаралады. Енді күзетшіні постыдан босатып, тасаға жіберуге правосы бар ешкім қалған жоқ. Сөйтіп қызыл әскер постысында тұра берді, ал жан-жақта снарядтар жарылып жатты. Оның жарықшақтарының жауынгерге

тимергені ғажап еді. Жауынгер тек бөлім командирі полковник Қ. М. Мұқамедияров келгеннен кейін ғана соның бұйрығы бойынша алмастырылды. Күзетшінің фамилиясы есімде қалмапты, тек оның ұлтының қазақ екенін ғана білемін». Ал жазушы Илья Эренбург былай деп жазды: «Бір фриц маған былай деді: «Бізге қарсы керемет жауынгерлер соғысты — оларды ешқандай оқ тоқтата алған жоқ, олар үнемі бізге қарсы қарап шапты. Кейіннен маған бұл қазақтар еді дегенді айтты. Мен бұрын мұндай халық бар екенін білген жоқ едім...»

Иә, қазақ халқының қыздары мен ұлдары соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ басқа да қарулас бауырластарымен бірге Брест қамалын, Одессаны, Севастопольды, Украинаның, Белоруссияның, Прибалтика республикаларының қасиетті жерлерін, революция бесігі — Ленинградты және Отанымыздың астанасы Москваны қорғады.

Сталинградты қорғау шежіресіне белгісіз маңызды биіктікті қорғаған түркістандық 11 батырдың ерлігі алтын әріптермен жазылып қалды. Осы батырлардың есімдерін мәңгі есте сақтау үшін сталинградтықтар ол биіктікті «Шығыстың 11 батыры» атындағы биіктік деп атады. Қазақтар қорғаған, қаланы қорғаушылардың арасында «Қазақ көшесі» деп аталып кеткен Сталинградтың «Рабоче-крестьянская» көшесі халықтың әлі күнге дейін есінде.

«Сталинград қалалық партия комитетінің бұрынғы қызметкері Николаевский былай деп әңгімелеп еді, — деп жазды А. Шейнин, — жыраға жақын бір жерде қарға көміліп екі адам жатты, ол жан тәсілім алдындағы бүктетілген күйінде қылғындырып өлтірілген итальяндық пен оның үстінде оның тамағынан буындырған қолын алмастан қазақ жатыр. Ол көптеген жарақаттан әлсіреп үсіп өлген».

Мамаев қорғанына бүгін барған қазақстандықтар Пантеон қабырғаларында мәңгіге қашап жазылған жеті мың есім арасынан өздерінің жерлестерінің есімдерін мақтанышпен оқып шығады. Олардың ішінде: кіші лейтенанттар И. В. Бектеміров, Қ. Қажыназаров, лейтенант Р. Мұратов, қатардағы жауынгерлер Д. Х. Әлімбетов, М. Хасанов, Ю. Ш. Юсупов, кіші сержант Жаңбырбаев және басқалар бар.

Ал бұл топырақтың астында Қазақстаннан майданға кеткен қанша орыс, украиндық, татар жігіттерінің жатқанын кім біледі?

1941 жылдың күзінде Москва түбінде бастан-аяқ қаруланған фашистердің жойқын күшінің жолын совет елінің ұлдары осылайша бөгеді. Ұлы Отан соғысының шешуші де қаһарлы сәттерінде өзінің жауынгерлік туын Қазақстанда құрылған И. В. Панфилов басқарған 8 гвардиялық дивизия міне осы жерде өшпес даңққа бөледі. Өзінің құрамы жағынан интернационалдық болған бұл дивизия біздің еліміздің халықтары достығының қуатты күшін, олардың Отан үшін, ұлы Ленин партиясының ісі үшін жанқиярлыққа әзір екендігін бүкіл дүние жүзіне паш етті. 28 гвардияшы-панфиловшылардың ерлігі бүкіл әлемге мәшһүр. Олар түгелге жуық қаза тапқанымен неміс танкілерінің жолын бөгеді. Бұл Ұлы Отан соғысындағы жаппай ерліктің алғашқы үлгісі болатын. Оған қатысқандардың барлығына да Батыр атағы берілді. Олардың ішінде орыс Қлочков, қазақ Қосаев, украиндық Бондаренко, тағы басқалары бар. «Россия ұлан байтақ, бірақ шегінетін жер жоқ. Артымызда — Москва!» Гвардияшыларды жігерлендірген бұл жалынды сөздер Қазақстан партия ұйымының тәрбиеленушісі Василий Қлочковтікі болатын.

1942 жылы Дондағы Ростов қаласындағы Бербероза қорғанын темірдей табандылықпен қорғаған Сергей Оганян батареясының гвардияшылары да панфиловшылардай ерлік көрсетті. Алақандай жерде соғыс жүргізген әр ұлттың өкілдері Советтік Социалистік Республикалар Одағындағы халықтардың мызғымас одағының бейнесіндей еді. Бұл жауынгерлердің фашистің қаптаған танкілеріне қарсы соғыста көрсеткен бауырластығы құрыштан да берік болды. Қазір бұл қорған «Артиллеристер қорғаны» деп аталады. Мұнда да жауынгерлерге дем берген саяси жетекші қазақстандық Сергей Вавилов болды.

Гитлершіл стратегтер жаңа әрі қуатты «тигр» және «фердинанд» машиналарына көп үміт артты. Бірақ осы мақтаулы техниканың өзі совет жауынгерлерінің ерлігіне төтеп бере алмады.

1945 жылдың февраль айы. Кескілескен ұрыстардан кейін үшінші Белорус майданының жауынгерлері Кенигсберг қаласына жақындап келді. Шабуылда келе жатқан

жауынгерлердің алдында орудие расчетының командирі қазақстандық М. И. Милевский болды.

Таңертең гитлершілер қарсы атакаға шықты. Милевский расчетының позицияларына 13 танкі және 2 өздігінен жүретін орудие келе жатты. Олар дәл атып екі «тигрді» жойды. Тағы бір «фердинанд» жойылды. Ал бұдан кейін тағы бір «тигр» отқа оранғанда фашистер тауы қайтып, кейін шегінді.

Расчеттен тек үш-ақ адам — орудие командирі, көздеуші Григорий Чуприн, оқтаушы Иван Стародубцев қалды. Максим Милевский контузияға ұшырап, әзер-әзер тұр еді. Сонда да ол:

— Қазір жексұрындар тағы да шабуылдайды,— деп артиллеристерге ескертті.

Шынында да жау танкілері тағы да ұрысқа шықты. Бұрынғының үстіне екі «тигрінен» айрылғаннан кейін фашистер шегінді. Бұл олардың ең соңғы шабуылы еді. Совет жауынгерлері жаудың қарсылығын тойтарып, Кенигсбергке жетіп, оны жедел шабуылдап басып алды. Отанымыз Максим Иванович Милевскийдің жауынгерлік ерлігін жоғары бағалап, оған Совет Одағының Батыры атағын берді. Талдықорғандық Александр Тулинцев те Алтын жұлдызға ие болды.

Днепрден көктей өтіп, біздің жаяу әскер батальоны ұлтарактай жерге бекінген болатын. Немістер бұл жерді қайтсе де қайтаруға тырысты. Қарсы шабуылға қатысып жүргенде байланысшы Тулинцев пен оның досы Виктор Пономарев жаудың тылында қалып қойды. Олар батальонның басқару пунктімен байланыс жасап, өзіміздің жауынгерлерге қосылуды ұйғарған еді, бірақ бұйрық басқаша болды.

— Орындарында қалындар, біздің артиллерияның атуына бағыт сілтейсіздер!

Олар «Құп!» деп жауап берді.

Бұл айтуға ғана оңай. Ал шынында жау окобы жиырма шақты метр жерде болатын. Бірақ бұйрықтың аты бұйрық. Байланысшылар кішкене жыраға жасырынып қимылдамастан жатты. Оларға жау окоптарындағы котелоктардың сылдыры, немістердің сөздері ап-анық естіліп тұрды. Бұл ертеңгі астың уақыты болатын.

Көп ұзамай неміс окоптарына төрт танкі келді. Байланысшылар люктен танкистердің жүздерін ап-анық көрді. Сол сәтте окоптардан неміс солдаттары шығып,

танкілердің артына сапқа тұрып жатты. Қазір шабуыл басталады.

— Мен — «Қайың», мен — «Қайың»,— деп хабарлап жатты Александр Тулинцев. Он алтыншы биіктік пен ескі бейіт арасында танкілердің тасасына түсіп, гитлершілер шабуылға шығуға даярлануда. Атуларыңызды сұраймыз!

«Қайындардың» даусына жауап ретінде Днепрдің арғы бетінен зеңбіректердің қосыла атылған даусы естілді. Снарядтардың бірі жақын жерге жарылып, байланысшыларды жарылыс толқыны соғып, топырақ басып қалды. Зеңбіректердің бораған оғынан айнала гүрілдеп жатты. Немістер шабуылға шыға алмай қалды. Бұдан кейін «Қайындар» тағы да атуды өтінді. Ұзақ күн бойы осылай етті. Тек кешке таман ғана немістер 200 метр ілгері жылжыды. Уақыт өткен сайын екі байланысшының тірі қалуы екіталай болды. Тек арада тоғыз күн өткеннен кейін ғана біздің бөлімдер майданның осы учаскесінде алға жылжуға мүмкіндік алды. Жартылай топырақ басып қалған Виктор Пономаревті рота командирі тауып алды. Жауынгер ессіз жатыр еді. Александр Тулинцев одан әріректен табылды. Есінен танған жауынгер қолына телефон трубкасын қысып алған екен. Дәрігерлер екі байланысшыны ұзақ емдеді. Совет Одағының Батыры атағына тағы екі адам осылай қосылды.

Қазақстан астанасының қонақтары «Алматы» қонақ үйіне жайғасқанда оның директоры Рақымжан Қошқарбаевпен жиі кездеседі. Бұл кісі коммуниалдық шаруашылық саласында күнделікті еңбекпен айналысады. Ал онымен кездескендердің бәрі бірдей тап осы Қошқарбаевтың рейхстагқа алғашқылардың бірі болып Қызыл ту қадағанын біле бермейді. Сондай-ақ бір кездегі әскери фельдшер, қазір отставкадағы генерал-майор Нұралы Әлмағанбетовтың жауынгерлік ерлігі де көпке үлгі. Ол № 101-ші жеке қазақ атқыштар бригадасының командирі полковник С. Б. Яковленконың (1943 жылдың 13 июлінде қаза тапқан) 1942 жылдың 30 ноябріндегі № 2 бұйрығымен СССР Жоғарғы Советі атынан неміс-фашист басқыншыларымен соғыста командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындап, ерлік пен батылдық көрсеткені үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен наградталған. Міне, нақ осы азаматтар сияқты қаншама ерлер біздің арамызда өмір сүріп жатыр. Олар еңбек етіп, балалары мен немерелерін тәрбиелеп, жастарды өмірдің

даналығына үйретіп, оларға жүрек жылуын беруде. Алматы белгісіз көптеген жауынгер жеңістің жарқын күніне жете алмай кетті. Егер тірі болса, біз бүгін оларды соғыстың ақ шашты ардагерлерінің арасынан көрген болар едік. Амал қанша, бүгінде біз сарғайған фотосуреттерден олардың жарқын бейнесін көреміз, архивте сақталып қалған майдан хаттары олардың сыртқа шығарып үлгермеген жастық сезімдерін бізге жеткізеді. Мысалы, он тоғыз жасар Сұлтан Қожықов Алматыдағы қалыңдығына былай деп хат жазған: «Мен сені, менің махаббатым Эсфир, фашистердің мазағына бере алмаспын! Өлсем де кейін шегінбеймін. Мен ондаған фашист солдаттының, олармен қоса полковнигінің жанын жаһаннамға жібердім. Бұл менің, Эсфир, саған деген махаббатымды білдіргенім».

Қазіргі жастардың анттары басқа, олар өздерінің сүйіктілеріне гүлдер, басқа да сыйлықтар ұсынды. Алматы белгісіз Эсфирге қаһарлы жылдарда майданнан келген үш бұрышты хаттан қымбат сыйлық-болған емес.

Белоруссия жерінде соғысқан қазақ жауынгері Әли Дашниязов майдандағы күркеде комсомол билетін тапсырған кезде былай деді: «Мен қазақпын. Мына белорус жерінде өз халқымның, өз үйімнің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғаймын. Әділ іс жолында өлу де қорқынышты емес. Алдағы ұрыстарда мен лениншіл деген жоғары атақты абыроймен ақтаймын деп ант етемін».

Орша түбінде жаудың қорғанысын бұзып, Березина өзеніне жеткен кезде ол ауыр жараланды.

— Мені Отаным адал қызмет етті деп туған туыскандарыма айтыңыздар, — енді өздерің ілгері басындар, жаудан бәрі үшін кек алындар! Бұдан соң ол гимнастеркасының қалтасынан қанға боялған № 20405070 билетін әзер дегенде суырып алды да:

— Мынаны комсомол ұйымының секретарына табыс етіңіздер, — деді. Бұл оның ең соңғы сөзі еді.

Саяси жетекші Жанғазин да жастай қаза тапты. Жаудың назарын өзіне аударған ол өртенген қораның ішінде жанып тұрып бөлімшесінің алға жылжуын қамтамасыз етті. Жолдастары оның отқа шарпылған № 3741424 партиялық билетін сақтап қалды.

Алматы облысындағы Талғар селосынан шыққан кіші командир Черников шабуыл үстінде қаза тапты. Ол басқа бөлімшелердің ілгері жылжуына бөгет жасаған пулемет

ұяларын қоршауға алып, құрта отырып, өзінің бөлімшесін ілгері бастады. Табыс қамтамасыз етілді. Бірақ, неміс автоматының оғы командирдің жүрегіне қадалды. Өзінің соңғы ұрысында 14 гитлершілді құртқан коммунист Черниковтың партия билетін бес жерден оқ тескен.

Қанға боялған, оқ тескен, отқа шарпылған партия және комсомол билеттері. Олар бүгін музейлердің экспонаттарына, баға жетпес мұраға айналып, Отанға деген сүйіспеншіліктің, әскери борышқа адалдықтың нақты куәсі болып отыр.

Ж. Байтөренов те ақтық демі біткенше әскери борышына адал болды. Соғысқа дейін ол Талдықорған ауданында колхоз бастығы болып жұмыс істеді. Отан үшін болған ұрыстарда бұл адамның жаңа қасиеттері айқын көрінді. Яғни алдағы деревняға шабуылдаған лейтенант Волченконың ротасын жау дзотынан бораған оқ бас көртпей тастады. Осы қиын минуттарда коммунист Байтөренов рота командирінің қасына жылжып келіп:

— Ротаға жол ашуға рұқсат етіңізші, жолдас лейтенант!— деді. Бұдан соң ол жылжып жаудың атыс нүктесіне жетті де, оған бір буда граната тастап жойып жіберді...

Біздің жастарымыз Волгоградтағы «Павлов үйі» дегенді естіген болар. Бірақ көп ұлтты осы шағын «гарнизонның» құртқан фашистерінің саны гитлершілердің Парижды басып алған кездегі шығынынан да асып түскен. Сондай-ақ Александр Матросов пен Николай Гастеллоның ерлігін білмейтін ешкім жоқ. Өйткені олар бірінші болды. Ал олардың ерліктерін көптеген адам қайталады. Олардың ішінде қазақ Сұлтан Баймағанбетов, өзбек Таштамир Рустамов, қырғыз Чолпатбай Төлебердиев, тәжік Туичи Ержигітов, тағы басқалары болды. Олардың ерлігі мәңгі есте сақталып қалды.

Республика қара алтынының орталығы — Қарағанды қаласында ұшқыш Нұркен Әбдіровке жасалған ескерткіш тұр. Қаһарлы жаумен соғыста ерен ерлікпен қаза тапқан мұндай батырлардың құрметіне елімізде көптеген обелискілер қойылып, мәңгі даңқ оты жағылды. Яғни біздегі әр ұлт адамдарының ерлігі мен батылдығы бүкіл дүние жүзіне СССР-дің соғыс қаупіне бой алдырмайтын беріктігін паш етті.

Америка социологы Франклин Фрейзер былай деді: «Егер біреу орыс саясатшылары ұлттық проблеманы

шешті ме деген сұраққа жауап іздейтін болса, мен екінші дүние жүзілік соғыс кезінде әр түрлі халықтар мен ұлттар Совет Одағына адал болды және оны қорғауда, энтузиазммен соғысты деп жауап беруге тиіс болар едім».

Бұл буржазиялық идеологтың мәжбүр болғандығы және бүгінгі күнге тән мойындауы.

Герман вермахының және оны қолдап дем берушілердің СССР-ге қарсы жедел соғыс ашып, жеңіл жеңіске жетеміз деген болжамдары мен үміттері ақталмады. Олар ол кезде советтік қоғам мен мемлекеттік құрылыстың берік болатындығына сенген жоқ еді. СССР халықтарының және шаруалар мен жұмысшылар арасында алауыздық туады деп есептеген болатын. Мұның өзінің түбіне жететін қате екенін Гитлер 1941 жылдың октябрь айының ортасында-ақ былай деп мойындады. «22 июнь күні біз есікті ашқанымызбен оның ар жағында не барын білмеген екенбіз». Ал «есіктің ар жағында» қуатты кедергі, социалистік қоғамның бақытын біліп үлгерген, біртұтас семьяға біріккен көп миллион жеңілмейтін халық тұрды.

Совет Одағы соғысқа кіріскенде Европаның капиталистік елдерінде гитлерлік баскесерлерге қарсы тұратын күш табылған жоқ. Олардың көбі-ақ бірінші соққыдан кейін масқаралықпен бас иіп, буржуазиялық мемлекеттердің және буржуазиялық партиялардың жауға соққы беруге елдің экономикалық және рухани күшін аз уақыт ішінде жұмылдыра алмайтындығын дәлелдеп берді. Мысалы, пандар Польшасы агрессорға не бары он алты күн, Голландия және Бельгия он тоғыз күн, Норвегия екі айдай, «алдырмайтын» Мажино линиясы бар Франция 44-ақ күн қарсылық көрсетті. Ла-Манш арқылы құтыламыз ғой деп есептеген Англияның тағдыры да соларға ұқсас еді. Бірақ оларды масқаралықтан шынында бұғаз емес, Совет Армиясының ерлік әрекеттері қорғап қалды.

Екінші дүние жүзілік соғыстың қорытындылары ғылыми коммунизмнің негізін қалаушы Карл Маркс айтқандай, соғыс өзінің өміршеңдігін жоғалтқан әлеуметтік ұйымдарға ақырғы жазасын шығарды.

«Екінші дүние жүзілік соғыс тарихы» кітабының бірінші томында мынадай жолдар бар: «Соғыстың қаларлы оқиғалары қашықтаған сайын Совет Одағының жағдайында қалған басқа бірден-бір ел мұншама қиын сын-

ға төтеп бере алмайтындығы айқын бола түседі. Коммунистік партияның басшылығымен Ұлы Октябрь социалистік революциясын жасаған тек батыр совет халқы ғана ақ гвардияшылармен және шетел интервенттерімен соғыста жеңіске жетті. Күйзелісті жеңді, өзіне жау капиталистік стихияның қоршауында тұрып социализм құрды, дүние жүзін билеуге ұмтылған неміс-фашистерінің алдына мызғымайтын кедергі бола алды, содан соң оның әскери күштерін талқандады».

Сөйтіп, өзінің сыннан өткен авангарды — Коммунистік партияның басшылығымен көп ұлтты совет халқы ғана тарихта теңдесі жоқ басқыншылыққа қарсы тұрып қана қоймай, неміс-фашист басқыншыларымен соғыста ұлы жеңіске жетіп, гителршілер басып алған Европа елдерін азат етудегі интернационалдық борышын табыспен өтеп шықты.

Фашистер есебінен мықтап жаңылды. Совет халқының Ұлы Отан соғысы аса әділ және қасиетті соғыс, ол басталған жерінде — айуан фашистің босағасын қиратумен аяқталды. Бұл тарихи сабақ жаңа әскери доктриналардың авторларына, ең алдымен Америка әкімшілігіне қатал ескерту болуы керек.

БӘРІ ДЕ МАЙДАН ҮШІН

Целиноград облысының аға шопаны Зағи Абақованың немересі бір мерекеде әжесінің қамзолынан Ұлы Отан соғысы орденін көріп қалып:

— Әже, сіз де соғыстыңыз ба? — деп сұрады.

— Иә, мен де соғыстым.

— Қалайша? — деп таңданды түсінбей қалған бала.

— Ол былай, Біз бүкіл ел болып соғыстық. Міне, мына жерде де майдан болды, — деп әжесі қолымен ауыл шетінен әрі қарай созылып жатқан даланы көрсетті. Қазіргідей қой бақтық. Ал қой дегеніңіз жауынгерге киім, әрі тамақ.

Шынында да соғыс жылдарында совет өкіметі тылдағы заводтардың, шахталардың, егіншілер мен малшылардың ерекше көзге түскен еңбеккерлерін жауынгерлік ордендермен наградтады. Өйткені майдан мен тыл біртұтас болды, бүкіл еліміз біртұтас әскери лагерьге

айналып, шектен шыққан Герман фашизміне қарсы жан аямай соғыс жүргізді.

1941 жылдың 22 июнінде Горький атындағы мәдениет және демалыс паркіне Алматының 25 мыңнан астам еңбекшісі жиналды. Олар СССР-ге фашистердің жер қайысқан қолының опасыздықпен шабуыл жасауына байланысты шақырылған митингіге қатысты. Сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Ж. Шаяхметов жолдас жиналғандардың алдына шығып сөз сөйледі. Митингіде бірауыздан қабылдаған резолюцияда былай делінген: «Біз, Алматы қаласының еңбекшілері туған үкіметімізді толық қолдаймыз... Осы ұлы және жауапты сәтте бүкіл совет халқы бұрынсоңды болмаған топтасқандық және бірлік көрсетіп, қай жерде болса да күш-қуатын, ал егер қажет болса өмірінде аямай Отан алдындағы қасиетті борышын жанқиярлықпен орындап шығуға әзір болуы тиіс екендігін біз терең сезінеміз».

Ақтөбенің он мыңнан астам еңбекшілері партияның шақыруымен қолымызға қару алып, Отан-анамызды қорғауға дайынбыз деп мәлімдеді. Сондай-ақ Қарағандының стахановшы шахтері Телғазин жолдас көмір өндірушілердің ойын білдіріп, былайша мәлімдеді: «Германияның қанқұйлы төбеттерінің арсыздықпен шабуыл жасағанын білгенде зығырданымыз қайнады... Біз жұмысты бұрынғыдан да жақсы істеп, Отанымыз көмірді қанша талап етсе, сонша өндіріп береміз».

Қарт Жамбылдың мынадай өлеңі бүкіл Қазақстанға ұранды дабыл салды:

.. Жырымды жұртым енді есті:
Өлім мен өмір белдесті!...
Қан кешкен сонау майданда
Айбынды Қызыл Армия
Орында түгел талабын!

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің инициативасы бойынша барлық қалалар мен аудандарда коммунистердің және партия активінің жиналыстары өтті. Бұл күндері партия Қазақстан жастарына да жалынды шақыру сөзін арнады. Республикада комсомол активінің жиналыстары, конференциялары мен пленумдары өтіп, онда Ленин партиясының өкілдері сөз сөйледі. Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің III пленумында былай делінді. «Комсомол тарихы Коммунистік партия-

ның өмірімен және күресімен, еліміздің өмірімен және дамуымен тығыз байланысты. Партияның басшылығымен және онымен иін тіресіп революцияшыл жастар Октябрь баррикадаларында және азамат соғысының көптеген майдандарында ұрысқа қатысты.

Өзінің ағаларымен — большевиктермен бірге және солардың басшылығымен комсомолецтер Петроград, Царыцын, Каховка, Перекоп түбінде жаумен ұрысып, жеңіске жетіп отырды.

Біздің революциялық өміріміздің оқиғаларынан комсомол шет қалып қойған жағдайды біз білмейміз.

Сол дәуірдің жас батырларының есімдерін қазіргі жастар ұмытпауы тиіс және ұмытуға хақылары да жоқ. Олардың бейнелері жастарды жаңа жауынгерлік және еңбек ерліктеріне рухтандырсын. Жеңіс энтузиазмы жаңа жеңістердің бастауы болсын... Біз бүгін кешегіден, ал ертең бүгінгіден жұмысты жақсы істеуіміз керек».

Қарт коммунистердің Үндеуін комсомолецтер мен жастар қызу қолдады. Алматыда өткен жалпықалалық антифашистік митингіде оған қатысқандар еліміздің және республиканың барлық жастарына Үндеу қабылдады, онда былай делінген: «Совет жастары өздерінің әкелерінің, ағаларының, аналарының ұлы ісі үшін ақырына дейін күресуге қабілетті партияның жауынгерлік резерві болып табылады. Совет жастары күрес пен жеңістің даңққа бөленген туларын фашизм секілді қас жауды толық талқандап, жойып жібергенше жеңімпаздықпен алып жүреді».

1941 жылдың 31 октябрінде Қазақстан ЛКСМ Алматы қалалық активінің жиналысында Москва комсомолының атына құттықтау хат қабылданды. Онда: «Алматының комсомолецтері республика комсомолецтері атынан сіздерді, қымбатты жолдастар, сіздермен бірге біз де қарарлы қару алып, Отанымызды, Москваны қорғауға әр уақытта дайынбыз деп сендіреді». Осы жиналысқа қатысқан Қазақ Мемлекеттік университеті комсомол комитетінің секретары Самсоненко жолдас былай дейді:

«Соғыс советтік студенттер өмірінде елеулі өзгерістер әкелді... Студенттер арасындағы патриоттық өрлеу бұрын-соңды мұндай болып көрген жоқ. Бәрі де ұрысқа ұмтылуда. Бұл ұмтылысты тек тәртіп пен ұйымшылдық тежеп тұр. Жастар қазір тылда да жауынгер болу керек екендігін өте жақсы түсінді. Сондықтан жүздеген сту-

денттер колхоздар мен совхоздарда, химиялық лабораторияларда Отаны мен партияға шексіз берілгендігін дәлелдеп шығады».

Комсомолецтер арасындағы патриоттық өрлеудің жоғары болғандығы соншалық, әсіресе, бұрынғы студенттерді оқу аяқталғаннан кейін ұстап тұру аса қиын болды. Олардың жаумен ұрыстың алдыңғы шептеріне ұмтылған игілікті бастамалары соғыстың ең ауыр күндерінде — Москваны, Ленинградты және Сталинградты қорғаған кезде аса жоғары болды.

Көптеген дәрігерлер (Қазақ медициналық институтын 1941 жылы бітіргендер) Отанды қорғауға өз еріктерімен кетті. Олардың ішінде ВЛСҚМ Орталық Комитеті атындағы стипендиат Х. Рахымбаев, В. В. Волобуев және басқа оқу озаттары бар еді. Алматы санитарлық-фельдшерлік мектебінің 20 комсомолеці майданға жібермегеннен кейін өз еріктерімен донор болды. Олар Қызыл Армияның жауынгерлері мен командирлерінің өмірлерін сақтап қалу үшін қандарын тегін беретіндіктерін мәлімдеді.

Революция мен азамат соғысына қатысқан ардагерлер де көптің ісінен кейін қалған жоқ. Алматы қалалық партия комитеті 1941 жылғы 17 июльде жастарды аға ұрпақтың революциялық дәстүрінде әскери-патриоттық тұрғыдан тәрбиелеуді жақсарту жөнінде әңгіме өткізу үшін революция ардагерлерін жалпы қалалық жиналысқа шақырды. Олардың ішінде теміржолшы, Жетісу мен Қаспийде партизан болған Рамазан Қазбеков және партизан армиясы бас штабының бұрынғы мүшесі Федор Глазков, сондай-ақ Ақмола түбінде Қолчакқа қарсы Маринов көтерілісіне қатысқан 70 жастағы Матвей Анашкин және атақты Әліби Жанкелдин болды.

Жиналыста сөз алған Алтайдағы партизан отрядының бұрынғы командирі И. Е. Громов былай деді: «Азамат соғысының оқ дәрі түтініне оранған жылдарын мен ұмытқан жоқпын. Сонда: «Отанымызға қауіп төнді, бәріңіз де қару алыңыздар!» деген ұлы Лениннің дауысы естілгені де әлі есімде. Бұл жалынды шақыруға жас Совет республикасының миллиондаған еңбекшілері үн қосты. Сөйтіп біз жеңіп шықтық. Қымбатты Отанымызды қанымызбен қорғап қалдық.

Біз, қызыл партизандар, біздің партиямыз, саған барлық күшіміз бен білімімізді тылды нығайтуға жұм-

саймыз деп ант етеміз. Егер керек болса, өзіміздің қуатты Советтік елімізді қорғау үшін жауынгерлердің сапына қайтадан тұрамыз».

Ақ шашты ардагердің орнына мінбеге қызыл партизанның ұлы пионер Юра Мартьянов көтерілді. Ол: «Біз әкелеріміздің патшаның генералдары мен атамандарына қарсы ерлікпен күрескенін білеміз. Біз олардың бақытты өмірді бізге өздерінің қанымен жеңіп әпергенін білеміз. Қазір ұлы Отанымызға үлкен қауіп төніп тұр. Біз, жас пионерлер, елімізге барлық күшімізбен көмектесуге ұмтылудамыз — біз әскер ісін үйренудеміз, қызыл әскерлер семьяларына қамқорлық көрсетеміз, колхоздарға егін жинауға көмектесеміз. Ал ертең ер жеткенде сіздер сияқты біз де Отанымыз үшін, өзіміздің халқымыз үшін тайсалмай соғысамыз деп сөзімізді береміз» — деді.

Соғыс жылдарында партияның ұдайы жүргізген әскери-патриоттық, саяси және жұмылдырушы жұмысы, және оның «Отанымызға қауіп төнді» — деп халыққа тастаған үндеуі біздің кең-байтақ Отанымыздың түпкір-түпкіріндегі барлық совет адамдарын аяғымен тік тұрғызды. Бұл үндеу әрбір үйге кіріп, әр адамның жүрегінен жол тапты. Октябрь революциясы мен азамат соғысының ардагерлері, қызыл партизандар, пенсионерлер, коммунистер мен комсомолецтер, студенттер мен оқушылар, әр түрлі кәсіптің адамдары өз еркімен аттануды білдіріп, өтініш айтып жатты. Олардың көпшілігі өздеріне берілген бронианан бас тартты. Әсіресе, партия мүшелері майданға жіберуін сұрап табандылық көрсетті.

Партия совет патриоттарының игі сезімін өте жақсы түсінді. Сонымен қатар тылды да еңбек майданы деп атады. Соған қарамастан еріктілердің арыздары күн санап көбейе берді. 1941 жылдың 23 июні күні Қазақ әскери комиссариатына ерлі-зайыпты Бирюльдер келді. Александр Александрович екінші рангалы техник-лейтенант, ақ финдермен соғысқа қатысқан болатын. Наталья Николевна химик еді. Олар өздерін майданға жедел жөнелтуді талап етті.

Әскери комиссариаттың кезекшісі алғашқы еріктілердің арыздарын қабылдап үлгергенше кезекке тұрған адамдар саны көбейе берді. - Запастағы командирлер Николай Кувардин мен Николай Корниенко, уыздай бала жігіт Хасан Наурызбаев, бухгалтер Александр

Горецкий, машинистка Елена Антонова, милиция қызметкері Иван Суховеев, қызыл партизан Михайл Александров, телефонистка-парашютистка Евдокия Орлова және басқалары келді.

Алматы темекі фабрикасы ағаш цехының екпіндісі Қокорин жолдас партия ұйымына өзінің арызында жасының ұлғайғандығына қарамастан Қызыл Армия қатарындағы өзінің ұлымен бірге соғысуға жіберуін өтінген. Сондай-ақ майданға семьясынан алты адам жіберген жетпіс жастағы Матрена Михайловна Шафранова да ұрыс даласында еңбек етуге тілек білдірді.

Алматыдағы № 13 мектептің тарих пәнінің мұғалимасы Бронислава Александровна Ровицкая 1915 жылы қайырымды сестра мамандығын алып, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде госпитальдарда қызмет еткен болатын. Ол да майданға екі ұлын — Виктор мен Александрды жөнелтті. Енді ол да өзін майданға жіберуін өтінді.

Защита станциясының вагон караушы мастері Иван Кузнецов майданға өз еркімен баруға тілек білдіріп арыз берді. Теміржолшы ретінде қалдырып қояды деп ойлаған ол, өзімнің орныма істейтін адамды таптым, ол менің туған анам Мария Максимовна деп хабарлады.

Мұндай арыздар толассыз түсіп жатты. Ал телеграф қызметкерлері ол күндері мағынасы мынадай жүздеген шұғыл телеграмма қабылдады:

«Командировкадан шақырып алып, майданға жіберуіңізді қатты өтінемін. Павел Кузнецов. Семей. «Шығыс станциясы трассасы». Сондай-ақ нақ осындай мазмұндағы телеграммалар Лениногорск қаласынан жолдаған коммунист Валентин Власовтан, ақ финдерге қарсы ұрысқа қатысқан жамбылдық Рожновтан түскен.

Бүкіл еңбекшілерді қамтыған мұндай патриоттық өрлеу партия органдарынан көптеген еріктілердің тілегін қанағаттандырумен қатар, майдандағы жеңісті қамтамасыз етудегі еңбек майданының маңызын арнайы түсіндіруді талап етті. Еңбеккерлердің күш-қуатын «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген партияның стратегиялық ұранын орындауға бағыттау қажет болды. Сондықтан да 1941 жылғы 3 июльде «Казахстанская правда» газеті бас мақаласында «әрбір кәсіпорын, әрбір колхоз, әрбір үй — қорғаныс қамалы» деп жазды. Ол оқушыларын майданға керекті қаражатпен қамтамасыз ету үшін барлық күш-қуатын жұмсауға шақырды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеологиялық жұмысты өрістетуге жөніндегі арнайы қаулысында былай деп атап көрсетілді. «Барлық партиялық-саяси, мәдени-ағарту жұмысы майдан мүддесіне, жауды тойтаруды ұйымдастыру міндеттеріне бағындырылсын».

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, барлық облыстық және аудандық партия комитеттерінің жанынан насихатшылар және үгітшілер тобы құрылып, кәсіпорындардағы, колхоздардағы, совхоздардағы насихатшылар мен үгітшілер қатары толықтырылды. Насихат жұмысының жаңа, бұрынғыдан да пәрменді формалары мен әдістері іздестірілді. Жергілікті баспасөз, радио, кітап баспасы, бейнелеу өнері саяси-ағарту мекемелерінің қызметі бұрынғыдан да гөрі пәрменді жүргізілді.

Республиканы майдан арсеналына және мол астық өндіру орталығына айналдыру талабы қойылды. Коллективтің әрбір мүшесінің өз ісіне деген жауапкершілігін, іскерлігін арттыру мәселелері де республика партия ұйымының күнделікті қамқорлығына бөленіп отырды. Партия мен халықтың жалпы күресінің аса маңызды учаскелерінің бірі майдан мен тылды бір-біріне байланыстыратын, біріктіретін партиялық жұмыстың идеологиялық жағының маңызы едәуір артты. Бұл жұмыстың нәтижесі бірінші кезектегі әскери-мобилизациялық қызметпен және шаруашылық міндеттерімен қатар адамдардың еңбек энтузиазмінің орасан өсуі, олардың майданды барлық мұқтажбен қамтамасыз етуге ұмтылуы болды.

Соғыс жылдарындағы Отанға деген қасиетті махаббат адамдарды жауынгерлік ерлікке ғана емес, еңбек ерлігіне де апаратындығын, олардың ойын, сезімін, ісін біріктіретіндігін дәлелдеп берді.

Танк колоннасын құруға қаржы жинауды бастаған Қазақстан комсомолецтерінің патриоттық қозғалысы, әйелдердің ерлердің кәсібін игеруге белсене араласуы, бұрынғы механизатор, коммунист, ардагер Ағылбеков пен 82 жастағы колхозшы Василий Фролович Кудашкиннің еңбекке қайта оралуы Отанның тағдырына деген жауапкершілік емес пе!

Тек қана Қазақстан Қызыл Армия қатарына ең жақсы деген бір миллион 870 мың ұлы мен қызын, ал республиканың партия ұйымдары өзінің 65 процентін, комсомол ұйымы 70 процентін майданға жіберді. Әрине, бұл үлкен ерлік.

ЖҰМЫСШЫ СӨЗІ — БЕРІК СЕРТ

Совет жұмысшысының ең басты ерекшелігі — таптық бауырластығы және оның ұлты қандай болса да, ол қай тілде сөйлесе де үлкен істерді бірлесіп жасауға әрқашан да дайын тұруы.

«Еліміздегі барлық ұлттар мен халықтардың жақындасуы процесінде нақ осы жұмысшы табы — өзінің жаратылысынан ең интернационалистік тап — шешуші роль атқарып келеді», — деп атап көрсетті Л. И. Брежнев өзінің «Ленин жолымен» атты кітабында.

Қазақстанның жұмысшы табы соғыс жылдарында Москваның, Ленинградтың, Россия Федерациясының, Украинаның, Белоруссияның, басқа да өнеркәсіп орталықтарының идеялық жағынан шыңдалған жұмысшылармен толығып, еңбекшілер бұқарасының нағыз жауынгер, күрескер авангардына айналды. Тек Қарағанды көмір бассейнінде ғана Донбастан бес мыңнан астам кенші мен шахта салушылар келді. Олардың ішінде көптеген даңқты істердің бастаушылары Г. Г. Спицин, Д. Г. Ляпин болды. Сондай-ақ стахановшылар қозғалысының негізін қалаушы Алексей Стаханов та Қазақстанға келді. Жұмысшы табының ұйымшылдығы мен инициативасы, оның қандай қиыншылықты болса да жеңе алатын қабілеті республиканың колхозшы шаруалары мен интеллигенциясын жұмылдырудың үлгісі болды.

Заводтардың, шахталардың, құрылыстардың, транспорт еңбеккерлерінің күш салуының арқасында және Коммунистік партияның жетекші ролінің нәтижесінде Қазақстан еліміздегі аса ірі өнеркәсіп аймағына, майдан арсеналына айналды.

«Ұлы Отан соғысы жылдарында, — деп жазды. республика Компартиясы Орталық Комитетінің секретары А. Қойшығұлов жолдас, — Қазақстанға көшірілген кәсіпорындардың негізінде машина жасау және металл өңдеу өнеркәсіптері құрылды, олар соғыс уақытының қиын жағдайында майданды қару-жарақтармен және басқа керекпен қамтамасыз етіп отырды. Соғыс кезінің ауыр сындарында қару-жарақтың бірқатар жаңа үлгілерінің сериямен шығарылуы игерілді».

Алайда, соғыстың бастапқы жылдарында бірсыпыра кәсіпорындардың басшылары елеулі кемшіліктер жіберді. Мысалы, Қарағанды көмір бассейні еліміздің ірі отын

базасы бола тұрып, 1942 жылы сегіз айдың жоспарын 76,3 процент, ал кокстелген көмір өндіру тапсырмасын 65,7 процент қана орындады.

1942 жылдың сентябрь айында Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті мынадай екі қаулы қабылдады: «Қарағанды көмір бассейнінде көмір өндіруді арттырудың шұғыл шаралары туралы» және «Көмір өндіруді арттыру міндеттеріне байланысты Қарағанды бассейнінде партия жұмысын жақсарту шаралары туралы». Осы қаулыларды талқыға салу үшін 1942 жылдың он үшінші октябрінде Қарағанды көмір бассейні партия активінің жиналысы өтіп, онда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары баяндама жасады. Ол Қарағанды облыстық, қалалық комитеттері мен бастауыш партия ұйымдарын және шахта әкімшілігін қатты сынға алды. «Еліміздің екінші шешуші көмір базасы — Қарағанды бассейні күні бүгін өнеркәсіп пен транспорттың жұмысын тежеп отыр десек, артық айтқандық болмайды» — деді ол.

«Қазақстанская правда» газетінің сол күндердегі номерлерінің бірінде «Қарағанды көмірін өндіруді барынша арттыру үшін күрес-бүкіл республиканың, әрбір қазақстандықтың міндеті» — деп жазылды.

Қарағандының жағдайы «Правда» газетінде де жазылды. Өйткені бұл мәселеге қатты назар аударып, еңбек майданының аса жауапты учаскесіндегі адамдардың жауапкершілігін арттыру керек болды.

Партияның сөзі Қарағанды шахтерлерін ғана емес, бүкіл тыл еңбеккерлерін толқытты. Оған көптеген майдангер де үн қосты. «Мен баспасөзден сіздердің көмір өндіруде артта қалып отырғандарыңызды білдім, — деп жазды бұрынғы Қарағанды шахтері жауынгер А. Жазыбеков, — бұл хабар мені қатты ренжітті».

Партия активінің жұмысы, майдангерлердің хаттары бассейн коллективін аяғынан тік тұрғызды. Барлық шахталарда, учаскелерде және бригадаларда партиялық, өндірістік жиналыстар өтіп, кемшіліктердің беті ашылды, көмір өндіруді арттырудың жаңа резервтері іздестірілді, көтеріңкі міндеттемелер қабылданды. Мысалы, Калинин атындағы шахтаның озық учаскелерінің бірінде өткен партия жиналысында Ахметов жолдас басқаратын коллектив 1942 жылдың октябрь айында жоспардан тыс 3600 тонна отын өндіруге шешім қабылдады. Коммунист-

тер — учаске бастығы Ахметов, бригадирлер Ысыраев және Әбсаттаров Қарағанды жағдайында еңбектің стахановтық әдістерін енгізу жөнінде бастама қабылдады. Сондай-ақ учаске бастықтары Николаев, Ковтун, бригадирлер Әбдірахманов, Митрофанов, Жақсымбековтың бастамасы бойынша № 20 шахтаның коллективі Қарағанды бассейнінің барлық жұмысшыларына, инженерлері мен техниктеріне шығыстағы екі көмір бассейні — Қарағанды мен Кузнецкі коллективтерінің жарысын ұйымдастыру жөнінде ұсыныс көтерді. Бұл ұсынысты Қарағандының барлық шахтерлері қолдады. Сөйтіп, екі кәсіпорын арасында жарыс басталды. Бригадалар мен шахталардағы еңбекті ұйымдастыру әдістері қайта қарастырылды. Комсомолецтер мен жастар көптеген творчестволық істердің бастаушысы болды. Сондай-ақ жергілікті партия ұйымдарының, инженерлердің, техниктердің, жұмысшылардың күш-жігер жұмсауы арқасында бұдан кейінгі жылдары көмір өндіру қарқыны шұғыл артты. Сөйтіп, Қарағанды көмір бассейні елімізге 11,340 мың тонна көмір берді. Бұл 1940 жылғымен салыстырғанда 80 процент көп.

1943 жылдың октябрь айының өзінде-ақ «Правда» газеті былай деп жазды: «Қарағанды бассейні Магнитогорск, Поволжье кәсіпорындары мен теміржол транспортын отынмен сенімді түрде қамтамасыз етіп отыр».

Бұл коммунистік партияның ролінің, ондағы партиялық жұмыстың пәрменділігі мен оперативтілігі артуының жарқын мысалы еді.

Адамдарға жалынды партиялық сөзімен ғана емес, ісімен де үлгі болған үгітшілердің үлкен армиясының жұмысы да елеулі ықпал етті. Мысалы, үгітші десятник Беймырзиннің сменасы көмір өндіру тапсырмасын 130-150 процент, ал үгітшілер Шәукентаев пен Новиков жұмыс істейтін бригада сменасына 2-3 норма орындап отырды. Көкейтесті мәселелердің бірі артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына жеткізу еді. «Тапсырманды өзін орындасаң, жолдасыңа көмектес!» деген ұран шахтерлерді жаңа табысқа жігерлендірді.

Кеншілер кәсібіне кадрлар даярлаудың, еңбек ардагерлерінің тәжірибесін шахтаға жаңадан келген жас жұмысшылар мен әйелдерге үйретудің де маңызы аз болған жоқ. Бұрын Қарағандыда мұндай кәсіппен айналысатын бірде-бір әйел болған жоқ еді. Бір ғана 1943